

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҮЙЫМДАСТАЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

### **QUESTIONS OF THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS**

**Баймадиева Г.А., Базарбаева Г.С.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан*

Әлемдік стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуде, барынша сапалы білімді, біліктілігі жоғары, іздениспен, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, құзіретті және еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алалы мамандарды даярлауды толық жүзеге асыруда маңызы орын алалы студенттердің өздік жұмысын үйымдастырудың нәтижелі болуы студенттерге қажетті оқу-әдістемелік кешенмен, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне байланысты екені белгілі.

Өздік тапсырмалар жүйесі пәнді оқыту мақсаты мен міндеттеріне сай, студенттің мамандығында сәйкес кәсіби бағдарланған болса, орындалуы бақыланатын, тексеріліп және уақытында бағаланған жағдайда ғана өз мақсатына жете алады. Белгілі бір тақырып бойынша дайындалған өздік жұмыс тапсырмалары студенттердің мамандықтарына сәйкесінше дайындалып, мәтініндегі ақпараттары қазіргі заманға сай, пәнаралық байланыстағы, мазмұны студенттерді қызықтыратынданай, яғни мазмұнына пайдаланылған материалдың студент мамандығына етене жақын болуын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен окушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді.

Студенттердің өздік жұмысын тиімді үйымдастыру үшін өздік жұмыстың мониторингін автоматтандыру, сонымен қатар, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану мақсатында пән бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету және даярлау маңызы орын алады. Оқу әрекетінің әр түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін программалық жабдықтаманың оқу үрдісінде алалы орны ерекше. Сондықтан да, өздік жұмыстың тапсырмаларымен студенттер электронды түрде арнаулы программалау тілінде жазылған бағдарлама арқылы дәрісханада да, компютерлік жөлі арқылы қашықтан да таныса алуы, жасалған бағдарлама өздік жұмыс тапсырмалар жүйесін енгізуге мүмкіндік беруі қажет. Кейінгі кезде аудиториялық сабактардың айтартықтай қысқартылуына байланысты, студенттердің өз бетімен сабактан тыс білім алудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселелерінің маңызы артуда. Өздік жұмыс репродуктивті, репродуктивті-практикалық, шығармашылық деңгейде дайындалып, тапсырманы орындауға байланысты әдістемелік нұсқауы, тақырыпқа және тапсырма мазмұнына байланысты кебіреуінің орындалу үлгісі болуы керек, сонымен қатар, тапсырманы орындауға қажетті қолданылатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, электронды басылымдардың компьютер кластарындағы мекені мен электронды сайттар көрсетіліп, өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар, тестік сұрақтар берілуі қажет. Дайындалған өздік жұмысты орындау нәтижесі кредиттік технология бойынша студенттердің оқу пәнін менгеруін бағалаудағы балдық-рейтингтік жүйенің міндетті көрсеткішінің біріне айналуы керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Әбдікәрімұлы, Б. Кредиттік оқыту жүйесіндегі студенттің өздік жұмысын үйымдастырудың үлгісі және педагогикалық шарттары/ Б. Әбдікәрімұлы, Б. Андасова // Высшая школа Казахстана. – 2006. – №3. – Б.5-10.